

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.107-109

СОЛТҮСТІК ҚАЙЫҢ ЕГЕУШІ ЗИЯКЕСТЕРІ (*CROETUS SEPTENTRIONALIS L.*) ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Қыпшақпай З., Боранбай Ж.Т.

Орман бүкіл өмір сүру кезеңдерінде көптеген жағымсыз кері әсер ететін факторларға ұшырауы мүмкін, солардың ішінде зиянкестер мен аурулар үлкен орын алады. Сондықтан орманды зиянды организмдерден қорғау орман шаруашылығының өзекті мақсаттарының бірі болып табылады. Зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес мықты білім, бақылаулар және болжамдардың нақты мәліметтері арқылы ғана орман шаруашылық шаралары жасалса жақсы қарқындылық береді. Сол үшін жәндік, ауру тудырушы организмдердің еркшеліктерін білу, олардың өмір сүруін, зиянкестердің түрлерін ажырату маңызды [1].

Көп уақыт бойы орманды қорғау орман зиянкестері және ауруларымен күресу айналасында ғана шектеліп келді. Қазіргі уақытта оның мақсат аясы кеңейіп келеді. Орманның өндірістік қалдықтардың әсерінен құруы, пестицидтерден орман территорияларының улануы проблемалары пайда болды. Сөйтіп, монодақылдар және орман плантацияларының өсу жағдайларын орманпатологиялық бағалау жасалу керектігі туындады. Мониторинг жасаудың дамуы орманды зерттеудің дистанционды әдістерін, экологиялық болжамдардың және есептеулердің жетілдірілуін талап етеді. Орман қорғау шаралары жүйесін интеграциялау кезінде сол шаралардың қолдануды бастауға және нәтижесіне экономикалық бағалану жасалуы керек. Күресу шаралары өз ретімен және уақытылы жасалатын болса, үнемдеу тұрғысынан өзін ақтайды.

Орманда өмір сүретін зиянкес жәндіктер ағаш және бұталы өсімдіктердің барлық бөліктері мен органдарын зақымдайды, мысалы, жапырақтарын, бүршіктерін, гүлдерін, одан басқа да дайындалып қойылған ағаштарды және құрылыстардағы сүректерді де зақымдайды.

Зиянкес жәндіктер түрлерінің көбі өздеріне қолайлы жағдай туындағанда үлкен көлемде көбейіп – бір ағашқа шаққанда он мыңдаған данаға жетуі мүмкін. Егер қылқан және жалпақ жапырақ зиянкестерін тоқтатудың шаралары дер кезінде жасалмай жаппай көбейсе, орман массивтеріндегі бүкіл қылқанды және жапырақтардың барлығын жоюы мүмкін. Бұл өз кезегінде сүрек діндерінің өсуінің төмендеуіне, ағаштардың әлсіреуіне, кейде тіпті орманның қурауына алып келеді [1].

«Жасыл Аймақ» РМК-ның көгалдандырылған аумағында жыл сайынғы орманда патологиялық тексеру жұмыстарының нәтижесінде, жапырақты

ағаштардың ішінде көбіне қайыңды зақымдайтын – «Солтүстік қайың кесушілері» (*Croetus septentrionalis L*) жылына шамамен 230-260 га. аумақты зақымдайды. Сол үшін жыл сайын мекеменің көгалдандырылған аумағында қайың, терек және галлалы кесушілерін жою жұмыстары жүргізілуде [2, 3].

«Солтүстік қайың кесушілері» (*Croetus septentrionalis L*) әр түрлі пішінде болады, олар: көбелектер, аралағыштар, біз тұмсықтар, қоңыздар түрінде кездеседі. Белсенді кезеңдегі өмір сүруі көбінесе ашық ағаш бөрік басында өтеді. Соған байланысты энтомофагтарға, құстарға, паразитерге, ауруларға тез жем болады және климаттық факторларға төзімсіз. Дернәсіл күйінде қылқан және жапырақпен қоректеніп, ересек кезінде гүл шырынымен қоректенеді. Осыған байланысты жәндіктің дернәсіл күйінде азықтануы, азық сапасы, ағаш түрі де өте маңызды фактор. Олардың көбі қуыршақ күйінде қыстайды. Бұл зиянкестер көп ағаш түрін зақымдайды және оларда зиянкестердің осы түрінің көбейюіне қатты әсер етеді. Сондықтан бұл зиянкестердің алдын алу шараларын уақытында жүргізу және ошақтарын дер кезінде анықтау оларға күресу шараларын жүргізу үшін өте маңызды болып табылады [4, 5].

Күресу шараларын өзінің экологиясы немесе фенологиясы бойынша ұқсас зиянкестер қатарына бірден қолданылуы да маңызды.

Қазіргі уақытта орманды қорғау шараларының барлығын төмендегідей топтарға бөледі: 1) зиянкестер мен аурулардың пайда болуы мен таралуына бақылау жасау. 2) өсімдіктердің карантині. 3) күресудің орман шаруашылық әдісі. 4) күресудің биологиялық әдісі. 5) күресудің химиялық әдісі. 6) күресудің биофизикалық және механикалық әдісі. 7) күресудің интеграцияланған әдісі.

Барлық орманды қорғау шаралары орман шаруашылық мекемесінің мамандарымен, орман техникаларымен және орманды қорғаушылармен іске асады. Олар негізгі орман және аудан аралық инженер-орман патологтардың жетекшілігімен өтеді.

«Жасыл Аймақ» РМК -да жапырақты орман алқаптарының зиянкестеріне қарсы тек ағаштарға күтімдік жұмыстарды айтпағанда орманшылық және химиялық қорғау шарасы жүргізіледі. Шаруашылық шаралардан санитарлық кесу, санитарлық қырқу, бөрікбасты қалыптастыру, жасарту, жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі.

Дегенмен күресудің биологиялық әдістерін химиялық әдістерден қарағанда басымырақ жүргізген жөн. Оларды қолдану кезінде пестицидтермен қоршаған орта ластанбайды. Олар адамға, өсімдікке және орман биоценозына кері әсерін тигізбейді, баяу әрекет етеді, бірақ ұзақ уақыттан кейін зиянды организмдер санының өсуін ұстап тұрады. Күрестің биологиялық әдістерін қолдану мамандардың нақты және жоғары білімін, назарын және ұқыптылығын талап етеді. Оларды тек барлық негізгі орман шаруашылығының шаралары орындалатын ормандарда қолдануға болады.

Күресудің биологиялық әдістеріне бактерияларды қолдану, вирустарды қолдану, энтомофагтарды қолдану жатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ю.И.Гниненко. Современные химические препараты для защиты леса, Лесохозяйственная информация, Москва, 2013 №. С. 48-43.
2. О.С. Телегина, Н.В. Харламова. Вредители древесных пород зеленой зоны города Астаны, Астана, 2008г.
3. Годовой отчет РГП «Жасыл Аймак», Астана, 2015г, 83 стр.
4. Elsevier: Joel D. McMillin, Guo Hengxiao, Michael R. Wagner, Xiaosun Long // Spatial distribution patterns of pine sawflies (Hymenoptera: Diprionidae) in Arizona, US and Sichuan, PR of China // Forest Ecology and Management, Volume 86, Issues 1–3, 15 October 1996, Pages 151-161.
5. Elsevier: Norman F. Johnson // Hymenoptera // Encyclopedia of Biodiversity (Second Edition), 2013, Pages 177–184